Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

АҚ "Алатау Жарық Компаниясы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Бұл Шартта төменде келтірілген ұғымдардың келесі түсіндірмесі бар:

1.1. «Көрсетілген қызметтер актісі» - орындалған қызметтер көлемі туралы есеп нысаны;

1.2. «Ақау» - Шарт талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстардың бір бөлігі;

1.3. «Күндер» - күнтізбелік күндер, «айлар» - күнтізбелік айлар;

1.4. «Шарт» - Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт, сонымен қатар Шарттың барлық қосымшалары мен қосымша келісімдері;

1.5. «Тапсырыс беруші» - «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы;

1.6. «Өзгертулер» - Шарттың күшіне енген сәтінен бастап Тапсырыс беруші беретін өзгертулер;

1.7. «Орындаушы» - Тапсырыс берушімен жасалған сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін және Шарттың талаптарында көрсетілген қызметтерді орындауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

1.8. «Қызметтердің күнтізбелік жоспары» - қызметтердің орындалу тәртібі мен мерзімдері баяндалатын, Орындаушы құрастырған және Тапсырыс берушімен келісілген жоспар-кесте;

1.9. «Қадағалау» - Шарт талаптарына сәйкес Мердігердің жұмыстарды орындауын бақылауды жүзеге асыруға арналған іс-шаралар кешені;

1.10. «Нысан» - құрылыс кезінде құрылыс процесіне технологиялық сүйемелдеу жүргізілетін ғимарат, құрылыс;

1.11. «Кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі» - қызметтердің орындалуын тексеру процесінде анықталған кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі;

1.12. «Смета» - ҚР нормативтік-әдістемелік құжаттарына сәйкес анықталған осы Шарт бойынша техникалық қадағалауды жүргізу бойынша инжинирингтік қызметтердің есептік құны;

1.13. «Қызмет көрсету мерзімінің ұзақтығы» Орындаушы Шарт бойынша қызметтерді аяқтауға тиіс мерзімді білдіреді;

1.14. «Шарт бағасы» - Тапсырыс беруші шарт міндеттемелерін толық орындағаны үшін Шарт шеңберінде Орындаушыға төлеуге тиіс баға;

1.15. "Елішілік құндылық" - осы Шарт бойынша еңбекке ақы төлеудің жалпы қорынан сатып алу туралы шартты орындауға тартылған ҚР азаматтарының еңбегіне ақы төлеу құнының және (немесе) тауардың (тауарлардың) жалпы құнынан ҚР резиденттерінің жеткілікті қайта өңдеу немесе толық өндіру өлшемдеріне сәйкес тауарда (тауарларда)белгіленген елішілік құндылық құнының пайыздық мазмұны сатып алу туралы шарт бойынша;

1.16. «Атқарушылық құжаттама» - уәкілетті органда тіркелген геодезиялық топотүсірілім, жасырын жұмыстар актілері, жабдыққа арналған паспорттар, зертханалық сынақтар хаттамалары, сәйкестік сертификаттары, жұмыс жүргізу журналы, атқарылған қызмет туралы есептер және т. б.;

1.17. «Құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытынды» - орындалған қызметтер көлемі туралы есеп нысаны.

2. Шарттың Құрамы

2.1. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер тізбесі (Осы Шарттың №1 қосымшасы);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.2. Техникалық ерекшелік (Осы Шарттың №2 қосымшасы);

2.3. Қызметтер көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған шарттағы елішілік құндылықты болжамды/нақты есептеу (осы Шартқа №3 қосымша);

2.4. Қызметтердің күнтізбелік жоспары (Осы Шарттың №4 қосымшасы);

2.5. Қызметтерді сатып алуға шарттық бағаның ведомосі (Осы Шарттың №5 қосымшасы);

2.6. №_____ сатып алу бойынша техникалық ерекшелікке қосымша;

2.7. "Самұрық-Энерго" АҚ компаниялар тобының корпоративтік менеджмент жүйесінің саясаты

2.8. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-нық кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты қорғаудың маңызды тәуекелдерінің (ККпДҚ) жиынтық тізілімі.

2.9. «АЖК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Мердігерлік ұйымдарды басқару жөніндегі қағидалар.

2.10. "Самұрық-Энерго"АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

3. Шарттың мәні

3.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

3.2. Қызметтер құрылыс басталғаннан бастап пайдалануға бергенге дейін көрсетіледі.

3.3. Қызметтер көрсету кезінде Орындаушы ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнаманы және «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларын» басшылыққа алады.

4. Шарттың құны және төлеу шарттары

4.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

4.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

4.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

4.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

4.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

4.4.2. Шот-фактура;

4.4.3. Орындалған жұмыстар актісі;

4.4.4. Көрсетілген қызметтер құны туралы анықтама;

4.4.5. Р-1 формасы бойынша орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі;

4.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

4.6. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

4.7. Нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.8. Ақы төлеу техникалық қадағалауды жүргізу бойынша инжинирингтік қызметтер құнының есебіне сәйкес нысанды салуға бөлінген бюджет қаражаты шегінде жүргізіледі.

4.9. Орындаушы орындалған қызметтердің аралық актілерін, орындалған қызметтердің анықтамасын және тиісінше ресімделген шотфактураны көрсетілетін қызметтердің сапасы мен орындалу мерзіміне наразылықтар болмаған кезде Тапсырыс берушінің қалауы бойынша төлеуге ұсынуға құқылы.

4.10. Түпкілікті не толық ақы төлеу орындалған қызметке наразылықтар болмаған және қызметтер көрсету кезінде Орындаушы әзірлеген барлық құжаттама, оның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытынды ұсынылған жағдайда жүргізіледі.

5. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

5.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

5.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

6. Тараптардың құқықтары және міндеттері

6.1. Орындаушы міндеттенеді:

6.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

6.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3 (үш) % мөлшерінде е Тапсырыс берушінің шотына аударылатын банктік кепілдік немесе кепілдендірілген ақшалай жарна түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

6.1.3. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

6.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

6.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

6.1.5. Көрсетілген қызметтерді шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша көрсетілген қызметтердің актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шотфактура жазып беруге.

6.1.6. Орындалған жұмыстарды қабылдау актілерін куәландыру, жұмыс түрі аяқталғаннан кейін мердігер бақылау өлшеулерін жүргізеді.

6.1.7. Бақылауды жүзеге асыру:

6.1.7.1. жобалық шешімдердің, құрылыс мерзімдерінің және нормативтік құжаттар талаптарының сақталуына, оның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасына, құрылыс, қайта құрылымдау, кеңейту, кәсіпорындарды (нысанды) техникалық қайта жарақтандыру құнының белгіленген тәртіппен бекітілген жобалар мен сметаларға сәйкестігіне бақылауды жүзеге асырады;

6.1.7.2. құрылыс-монтаждау жұмыстарының, қолданылатын конструкциялардың, бұйымдардың, материалдардың және жеткізілетін жабдықтың жобалық шешімдеріне, құрылыс нормалары мен қағидаларының, стандарттардың, техникалық шарттардың және басқа да нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігі;

6.1.7.3. атқарушылық құжаттаманың, сондай-ақ пайдаланылатын құрылыс конструкцияларының, бұйымдардың, материалдар мен жабдықтардың сапасын куәландыратын құжаттардың, сондай-ақ техникалық паспорттардың, сертификаттардың және зертханалық сынақтар нәтижелерінің болуы;

6.1.8. Қабылданған және төленген құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі мен құнын ескере отырып, атқарушылық жұмыс

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

құжаттамасына сәйкес ақы төлеуге ұсынылған құрылыс - монтаждау жұмыстары сапасының, көлемінің және орындалу мерзімдерінің сәйкестігін тексеру;

6.1.9. Құрылыста пайдаланылатын конструкциялардың, бұйымдар мен материалдардың сапасын куәландыратын құжаттардың (техникалық паспорттардың, сертификаттардың, зертханалық сынақтар нәтижелерінің және т. б.) болуын тексеру;

6.1.9.1. Мердігер сапасыз орындаған жұмыстардың көлемі мен құнын және ақаулар мен қайта өңдеулерді жоюға арналған шығындарды алып тастау

6.1.10. Жүзеге асыру:

6.1.10.1. құрылыс барысында геодезиялық жұмыстардың орындалуын бақылау;

6.1.10.2. құрылыс-монтаж ұйымдарының қызметкерлерімен бірлесіп орындалған жұмыстарды және кейінгі жұмыстарды жүргізу кезінде жасырылатын конструкциялық элементтерді куәландыру және бағалау, сондай-ақ жасырын жұмыстарды куәландыру актілерін ресімдегенге дейін одан әрі жұмыстарды жүргізуге тыйым салу жөніндегі талаптарды қамтамасыз ету;

6.1.10.3. жобалау-сметалық құжаттамада анықталған сәйкес еместікті (ақауларды) жоюға уақтылы шаралар қабылдау және бақылау, оны қайта қарау (қажет болған жағдайда) және құрылыстың сметалық құнын негізсіз ұлғайтуға жол бермеу;

6.1.10.4. бастапқы атқарушы техникалық құжаттаманың (монтаждалған конструкцияларды, ғимараттардың, құрылыстардың және инженерлік коммуникациялардың бөліктерін аспаптық түсірудің атқарушы схемаларын, жұмыстардың жалпы және арнайы журналдарын) бар болуын және дұрыс жүргізілуін бақылау және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде анықталған кемшіліктер мен ақауларға байланысты оған өзгерістер енгізу;

6.1.10.5. құрылыс-монтаждау ұйымдарының авторлық қадағалау мен мемлекеттік құрылыс бақылау органдарының нұсқаулары мен нұсқамаларын, сондай-ақ орындалатын құрылыс-монтаждау жұмыстарының және қолданылатын конструкциялардың, бұйымдардың, материалдар мен жабдықтардың сапасы мәселелеріне қатысты Тапсырыс берушінің техникалық бақылау талаптарын орындауын бақылау, жекелеген жұмыс түрлерін, ғимараттардың, құрылыстардың және тұтастай объектілердің конструктивтік элементтерін қабылдау кезінде анықталған ақаулар мен кемшіліктерді уақтылы жоюды қамтамасыз ету;

6.1.10.6. жұмыс өндірісі қарқынының жұмыс өндірісінің бекітілген жоспарына (жоспар-кестеге) сәйкестігін, объектілерді материалдық ресурстармен және техникалық құралдармен жинақтау барысын, білікті жұмыс күшімен қамтамасыз етілуін бағалау, объектілерде жұмыс істейтін машиналар мен тетіктердің есебін жүргізу, олардың техникалық жарамдылығын және мердігердің конкурстық өтінімінде көрсетілген тізбеге сәйкестігін бағалау.

6.1.11. Жобадан ауытқу, ҚР ҚН және ҚМЖ технологиясын бұзу жағдайлары туралы Тапсырыс берушіге дереу жазбаша хабарлау.

6.1.12. Жобалық құжаттамадан анықталған кемшіліктер немесе ауытқулар туралы жұмыстарды жүргізу журналдарында уақтылы жазбалар жүргізу;

6.1.13. Қатысуға:

6.1.13.1. ғимараттар мен құрылыстардың жауапты конструкцияларының (тіректердің, сыйымды құрылыстардың, көтергіш металл және т/б конструкциялардың) дайындығын кешенді тексеруде.

6.1.13.2. жұмыс комиссияларының жекелеген конструкциялар мен тораптардың сапасына, құрылыс-монтаждау жұмыстарының түрлеріне, оларды қабылдау кезінде жабдықтар мен механизмдерге тексеру жүргізуінде;

6.1.14. Шарт бойынша қызмет көрсету кезінде Тапсырыс берушіден алынатын ақпараттың құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету.

6.1.15. Тапсырыс берушіге құрылыстағы технологиялық процестерді сертификаттау және жетілдіру мәселелері бойынша консультациялық инжинирингтік қызметтер көрсету.

6.1.16. Тапсырыс берушіге апта сайын жобалардың іске асырылу барысы туралы жоспарлы (жоспардан тыс) есептілікті, фото және/немесе бейнематериалдарды қоса бере отырып, конъюнктуралық шолуларды (фотоесеп) ұсыну;

6.1.17. Құрылыс нысанына бекітілген бару кестесін Тапсырыс берушіге ұсыну.

6.1.18. Тапсырыс берушіге мердігерлік Шартты іске асыруға қатысты туындаған немесе туындауы мүмкін ықтимал проблемалар туралы хабарлау және қабылданған ұсыныстар бойынша барлық қажетті құжаттарды дайындай отырып, жұмыстарды мерзімінде аяқтау үшін қажетті ұсынымдар мен ұсыныстар беру;

6.1.19. Мердігердің жұмысты орындау мерзімін ұзартуға, қосымша немесе күтпеген жұмыстарды, шығындарды өтеуге қатысты талаптарын тексеру және жазбаша растау.

6.1.20. Орындалған жұмыс көлемін мерзімді және түпкілікті өлшеуді жүргізу және олардың мердігердің есептеріне сәйкестігі туралы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жазбаша қорытынды беру;

6.1.21. Барлық материалдарға, конструкцияларға, жабдықтарға арналған барлық кепілдік құжаттар мен сертификаттарды қабылдауды және сақтауды және оларды жобалар аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге беруді қамтамасыз ету;

6.1.22. Мердігердің анықталған ақауларды жою бойынша кепілдік міндеттемелерін орындауын, сапасыз немесе уақтылы орындалмаған жұмыстар үшін айыппұлдар мен өсімпұлдарды ұстап қалуын тексеру;

6.1.23. Құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес «Құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытынды» ұсыну қажет.

6.1.24. Орындаушы осы Шарттың қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының азаматтары жұмыс істейтін жұмыс орындарын сақтауға міндетті.

6.1.25. Пайдалануға қабылдау актісін бекіткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күн ішінде объектінің жобалау-сметалық құжаттамасын Тапсырыс берушіге қайтару.

6.1.26. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

6.1.27. Осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге осы Шартта көрсетілген жалақылар Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне белгіленсін және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан _____ кешіктірілмейтін мерзімде тоқсан сайынғы негізде үзінді көшірмелер ұсынсуға (тендерлік құжаттамада Тәртіптің № 5 қосымшасының 35-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жалақысының ең төменгі шегі(тері) белгіленген кезде қолданылады);

6.1.28. Шартты орындау үшін тартылған Орындаушының жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының ұлғаюын қамтамасыз етуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан _____ үзіндіден кешіктірілмейтін мерзімде тоқсан сайынғы негізде ұсыну (Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 9) тармақшасының алтыншы абзацына сәйкес шарт жасасу және Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жасалған шарттарға өзгерістер енгізу кезінде қолданылады).

6.1.29. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

6.1.30. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

6.1.31. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;

6.1.32. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

6.1.33. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

6.1.34. Өзара іс-қимылдың ұтқырлығын қамтамасыз ету мақсатында потенциалды өнім берушінің Алматы қаласында және/немесе Алматы облысында жұмыс істейтін кеңсесі/өкілдігі болуы тиіс (растау ретінде Тапсырыс берушіге осы Шарт жасалған күннен бастап 3 жұмыс күн ішінде, меншік немесе жалдау құқығына арналған шарттың көшірмесін қоса беру қажет).

6.1.35. Нысан құрылысы басталған күннен бастап 2 күнтізбелік күннен кешіктірмей Шарт бойынша қызмет көрсетуге кірісу. Қызметтер көрсетуді бастау инжинирингтік қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді бастау актісімен ресімделеді.

6.2. Орындаушының:

6.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

6.2.2. Құрылыс нысандарында Тапсырыс берушінің техникалық өкілі ретінде Тапсырыс берушінің мүдделерін ұсыну және қорғау;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.2.3. Құрылыс алаңдарына, шеберханаларға, зауыттарға, сондай-ақ объектілер үшін материалдарды дайындау, өндіру және дайындау үшін басқа да орындарға қол жеткізу;

6.2.4. Технологияның бұзылуы, жобадан ауытқу, сапасыз құрылыс материалдарын қолдану анықталған ақаулар мен бұзушылықтар жойылғанға дейін жұмыс жүргізуді тоқтата тұру.

6.2.5. Мердігерден және қосалқы мердігерлерден объект бойынша қажетті атқарушы құжаттаманы сұратуға;

6.2.6. Неғұрлым прогрессивті технологиялық процестерді, құрылыс құнын төмендетуді қамтамасыз ететін көлемдік-жоспарлау және конструктивтік шешімдерді енгізуге байланысты құрылыс жобасына өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешуге қатысу.

6.2.7. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

6.2.8. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

6.2.9. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

6.2.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

6.2.11. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

6.2.12. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

6.3. Тапсырыс берушінің:

6.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

6.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

6.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

6.3.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтару.

6.3.5. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

6.3.6. Орындаушыға жобалау-сметалық құжаттаманы, технологиялық құжаттаманы және қызмет көрсету үшін қажетті, тиісті органдармен келісілген, Тапсырыс беруші жұмыс жүргізуге бекіткен өзге де құжаттарды ұсынуға міндетті.

6.3.7. Жобалау-сметалық құжаттамадан анықталған кемшіліктер және/немесе ауытқулар туралы Орындаушының жазбаша хабарламаларымен және ұсыныстарымен нысанды технологиялық сүйемелдеу журналдарында танысу (техникалық қадағалау журналы), оларды жою бойынша тиісті шаралар қабылдау.

6.3.8. Мердігерден алынған және сертификатталатын материалдармен байланысты Орындаушыға қажетті ақпаратты ұсыну (сипаттама, материалдың шығу тегі сертификатының көшірмелері, сапа сертификаттары және материалдардың талап етілетін сапасы мен қажетті қасиеттерін растайтын басқа да қажетті құжаттама).

6.4. Тапсырыс беруші құқылы:

6.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

6.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

6.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

6.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

6.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

6.4.6. Осы Шартта және оның қосымшаларында көрсетілген қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуді талап етуге;

6.4.7. Көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап етуге құқылы.

6.4.8. Егер Орындаушы көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді, шарттық міндеттемелердің талаптарын жою бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, бұзушылықтар жойылғанға дейін қызметтер көрсетуді тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы жазбаша нұсқамамен өкім беруге;

6.4.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қала отырып, дәйексіз ақпарат ұсынылған жағдайда біржақты тәртіппен Шартты бұзуға құқылы.

7. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

7.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

7.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

7.3. Көрсетілген Қызметтердің саны мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызмет көрсетілген сәттен бастап не әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын кемшіліктер) анықталған10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады.

7.4. Егер Орындаушы 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Орындаушы мойындаған деп танылады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарламаны алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

7.5. Егер Тапсырыс беруші қызметтер көрсетілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға Қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

7.6. Орындаушы қызметтер көрсету аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген қызметтер актісіне қол қою үшін ілеспе хат, сондай-ақ Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактура жібереді.

7.7. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерде кемшіліктерді анықтаған кезде, сондай-ақ егер қызметтерді көрсету процесінде Орындаушы Шарттың талаптарынан ауытқуға жол берсе, Тапсырыс беруші анықталған кемшіліктер туралы Орындаушыны жазбаша нысанда хабардар етеді, ал Орындаушы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде көрсетілген барлық кемшіліктерді өтеусіз жоюға міндетті. Орын алған кемшіліктерді және/немесе келіспеушіліктерді жойғаннан кейін екі Тараптың уәкілетті өкілдері шарт бойынша көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды.

7.8. Көрсетілген қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтижені алу сәтіне дейін қайталанады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің басталуы осындай рәсімнің мерзіміне ұзартылады.

7.9. Егер кемшіліктер осы Шарттың 7.4-тармағында көрсетілген мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген санкцияларды біржақты тәртіппен бұзуға және Орындаушыдан осындай бұзуға байланысты залалдар мен шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

8. Кепілдіктер және Сапа

8.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

8.2. Мердігер пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап 36 месяцев айға созылатын кепілдік мерзімінде қызметтердің сапасына кепілдік береді, баламалы мерзім қарастырылмаған.

9. Тараптардың жауапкершілігі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

9.2. Орындаушының жауапкершілігі:

9.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

9.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

9.2.3. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

9.2.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.2.5. Осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелерді Шарт талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

9.2.6. Шарттың талаптарына сәйкес Орындаушының Шартты орындау үшін тартылған қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған жалақыны және шығыстарды ұлғайту бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

9.3. Орындаушы Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

9.4. Егер Орындаушы Шарттың 6.1.2-тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Шарт өз қолданысын тоқтатады және Тапсырыс беруші өнім берушіні таңдау кезеңінде Орындаушы енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

9.5. Егер Орындаушы дәйексіз ақпарат берген жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады және шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қалады.

9.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.6.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттеменің 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ шарттың жалпы соммасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

9.6.2. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-нан аспауға тиіс.

9.6.3. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттемелрдің толық теңгерімінің 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

9.6.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

9.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ақпарат жібереді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.8. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы.

9.9. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға нақты Қызметтер көрсету кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген аванстық қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

9.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.11. Осы Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін өнім беруші төлеуге тиіс сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының 10% – ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады немесе орындалған жұмыстардың қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін. көрсетілген қызметтер.

9.12. Сарапшы не инжинирингтік қызметтер көрсететін ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шартта көзделген инжинирингтік қызметтерді сапалы, уақтылы және толық көрсеткені үшін Тапсырыс беруші алдында жауапты болады.

9.13. Жеткізуші аккредиттеу саласын қолдана отырып, аккредиттелген жылжымалы электр зертханасының болуын растауы керек.

10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныстыөзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

10.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

10.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

10.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

10.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

10.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

10.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

10.3.4. Шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

10.3.5. Тапсырыс беруші консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы анық емес Ақпарат және/немесе жалған мәліметтер ұсынуы анықталған жағдайларда жүзеге асырылады;

10.3.6. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

10.3.7. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

10.3.8. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда тоқтатылады.

10.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

10.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

10.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні ескертілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Орындаушының Шартты орындауға байланысты Шартты бұзған күнгі нақты шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқығы бар. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде Шарт бойынша міндеттемелерді Орындаушы бұзған жағдайларға алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер қолданылмайды.

11. Хат-хабар

11.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

11.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

11.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

11.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

11.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

12. Шарттың мерзімі

12.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітілгенге дейін қолданылады.

13. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

13.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты, бірақ олармен шектелмейтін әрекеттерді қамтуы мүмкін.

13.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

13.3. Хабарламау Тарапты шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

13.4. Егер анықталмаған күш мән-жайлары 3 (үш) айдан астам уақытқа созылатын болса, Тараптардың Шарт бойынша одан әрі міндеттемелерден бас тартуға құқығы бар. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушіге Жұмыстың нақты орындалған көлемінің (сатып алынған материалдардың, жабдықтардың) құнын шегере отырып, соңғысының бұрын төлеген алдын ала төленген сомасын толық мөлшерде қайтаруға міндетті және Тараптардың бірде-бірінің екінші тараптан қандай да бір залалдың орнын толтыруды талап етуге құқығы болмайды.

14. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

14.1. Шартқа қол қойылған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Орындаушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді банк кепілдігі немесе Тапсырыс берушінің шотына шарт бағасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде аударылатын кепілдік ақшалай жарна түрінде енгізеді.

14.2. Тапсырыс беруші енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Орындаушыға қайтарады.

14.3. Егер шарт тиісінше орындалмаса немесе Орындаушының өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылса, Тапсырыс беруші енгізілген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

15. Дауларды шешу тәртібі

15.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

15.2. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе ісәрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау жағдайында тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, талап қоюға құқылы.

15.3. Тараптар келіссөздер жолымен осы Шарттың талаптарын орындау барысында туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді реттеу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға тиіс.

15.4. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

15.5. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

